

# **Астана қаласының қалалық және қала маңындағы қатынастарында жол жүру мен багаж ақысын төлеу қызметтерін көрсетудің жария шарты**

**Астана қаласы**

**2025 жылғы «01» наурыз**

Осы жария шарт/жария оферта (бұдан әрі – Жария шарт) «City Transportation Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Жүйе операторы) жеке тұлғамен (бұдан әрі – Пайдаланушы/Жолаушы) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол жүру мен багаж ақысын төлеу бойынша қызметтер көрсету шартын жасасу жөніндегі ресми ұсынысы болып табылады.

Жария шарт Пайдаланушы/Жолаушы осы Жария шартта көзделген және қосылу талаптарында қандай да бір алып қоюсыз немесе шектеулерсіз Жария шарттың барлық талаптарын сөзсіз қабылдауды білдіретін әрекеттерді жасаған сәттен бастап жасалған болып есептеледі және күшіне енеді

## **Терминдер мен анықтамалар**

**Қоғамдық көлік** – жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын, ЖТЭЖ жабдықтарымен жарақтандырылған, жалпыға ортақ пайдаланылатын қалалық көлік.

**Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі (бұдан әрі – ЖТЭЖ)** – Қоғамдық көлікте жол жүру мен багажға электрондық ақы төлеуді қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, бағдарламалық-аппараттық кешеннің (бағдарламалық жасақтама, компьютерлік және перифериялық жабдық), стационарлық және борттық жабдықтың ұйымдастырушылық-реттелген жиынтығы.

**ЖТЭЖ орталық жүйесі (бұдан әрі – Орталық жүйе)** – пайдаланушылардың көлік карталарын сату және көлік карталарымен валидациялар туралы деректерді орталықтандырылған есепке алуға және сақтауға, Қоғамдық көлікте жол жүру ақысын төлеуге арналған ЖТЭЖ-дың негізгі өзегі.

**Тасымалдаушы** – қоғамдық көлікті меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін, ЖТЭЖ жабдықтарымен жарақтандырылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушылар мен олардың мүлкін ақылы немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

**Тариф** – Қоғамдық көлікте жолаушылар мен багажды тасымалдау қызметтерін көрсеткені үшін төлемнің тіркелген мөлшерлемесі. Астана қаласының қоғамдық көлігінде жол жүру және багажды тасымалдау құны №1 қосымшада көрсетілген, сондай-ақ өзекті ақпарат Жүйе операторының ресми сайтында орналастырылған.

**Пайдаланушы/жолаушы** – Тасымалдаушының, сондай-ақ Жүйе операторының қызметтерін пайдаланатын және ЖТЭЖ арқылы жол жүру және багаж ақысын төлеуді немесе қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің

қосымша сервистерін пайдалана отырып ақы төлеуді жүзеге асыратын жеке тұлға.

**Жүйе операторының қызметтері** – Жүйе операторы Қоғамдық көлікте жол жүру және багаж ақысының төлемін қабылдау, сондай-ақ дербестендірілген, дербестендірілмеген көлік карталарын шығару және сату, сондай-ақ оларды толықтыру бойынша көрсететін қызметтер.

**Жүйе операторының сайты** – [www.transcard.kz](http://www.transcard.kz); [www.cts.gov.kz](http://www.cts.gov.kz) интернет желісіндегі Жүйе операторының электрондық ақпараттық ресурсы:

**Борттық валидатор (бұдан әрі – Валидатор)** – Көлік картасының және басқа да электрондық жеткізгіштердің жадында сақталатын деректерді оқуға, Қоғамдық көлікте жол жүруді тіркеуге (валидациялауға) арналған планшеттік үлгідегі арнайы құрылғы.

**Валидация** – Пайдаланушы/Жолаушы Валидаторға Көлік картасын немесе басқа да электрондық жеткізгіштерді басу арқылы жүзеге асыратын жол жүру ақысын тіркеу.

**Жол жүру құжаты (билет)** – ресімдеу арқылы Жолаушы мен Тасымалдаушы арасында тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат.

**Электрондық көлік картасы (бұдан әрі – Көлік картасы)** – Қоғамдық көлікте Пайдаланушылардың/Жолаушылардың барлық санаттарының жол жүруіне Валидатор арқылы қолма-қол ақшасыз ақы төлеу операцияларын жүргізуге арналған, дербес ақпаратты және/немесе жүктелген тарифтер/теңгерім туралы ақпаратты қамтитын чипі бар байланыссыз пластикалық смарт-карта.

**Көлік әмияны** – бұл Қоғамдық көлікте белгіленген тарифтер бойынша қолма-қол ақшасыз төлем жасауды жүзеге асыруға арналған Көлік картасының сервистік функциясы. Көлік әмиянын толықтыру Мамандандырылған касса арқылы Көлік картасына бірлік ретінде қолма-қол ақша қаражатын енгізу тәсілімен, сондай-ақ Жедел толықтыру сервисі арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүзеге асырылады. Енгізілген ақша қаражаты бірліктерге айырбасталады, мұндағы 1 бірлік 1 теңгеге тең.

**«Көлік әмиянының» теңгерімі (бұдан әрі – Теңгерім)** – Көлік картасындағы ақша қаражатының сандық түрде көрсетілген нақты қалдығы.

**QR-код** – Пайдаланушы/Жолаушы Қоғамдық көлікте жол ақысын қолмақол ақшасыз төлеу бойынша пайдаланатын және Пайдаланушының/Жолаушының банк картасына байланыстырылған, мобильді құрылғыларға арналған қосымшамен QR-кодты сканерлеу арқылы немесе абоненттік нөмірден теңгерімді есептен шығару арқылы жүзеге асырылатын, Тасымалдаушының көлік құралындағы штрих-код жапсырмасы.

**Кобрендингтік карта** – ЖТЭЖ-де пайдалануға арналған Көлік картасының интеграцияланған чипі бар дербес банктік карта

**Банк картасы** – сервистің банк қызметтерін пайдалануы және төлемдерді жүзеге асыруы үшін екінші деңгейдегі банк клиентінің дербес картасы.

**Жедел толықтыру сервисі** – Жүйе операторының ресми ақпараттық ресурстарында көрсетілген Мамандандырылған кассалар арқылы, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктіктердің мамандандырылған банктік қосымшалары және стационарлық төлем терминалдары (Ю-станция, Kassa24) арқылы Жүйе

операторы көрсететін, Пайдаланушы таңдаған Тарифті сату және Көлік картасының теңгерімін толықтыру сервисі.

**Мамандандырылған касса** – Көлік карталарын және Пайдаланушы таңдаған Тарифті сатуды, сондай-ақ Көлік картасының теңгерімін толықтыруды жүзеге асыратын Пайдаланушыларға қызмет көрсету кассасы.

**Орталық мамандандырылған касса (бұдан әрі – Орталық касса)** – дербестендірілген Көлік карталарын шығаруды және сатуды, Пайдаланушы таңдаған Тарифті сатуды, Көлік картасының теңгерімін толықтыруды, ақшалай қаражатты қайтаруды, істен шыққан Көлік карталарын және дербестендірілген Көлік карталарын қабылдауды және ауыстыруды жүзеге асыратын Пайдаланушыларға қызмет көрсету кассасы.

**«Avtobys» мобильдік қосымшасы** – сапарларды жоспарлауға және пайдаланушыға Астана қаласының қалалық қоғамдық көлігінде жол ақысын төлеу мүмкіндігін беруге арналған қосымша. Пайдаланушыларға келесі мүмкіндіктер тізімі қол жетімді:

1. Автобус маршруттарын онлайн режимінде қадағалау;
2. QR-код бойынша, автобустың гараж нөмірі бойынша, Bluetooth арқылы және жол ақысын төлеу бойынша электрондық билеттер архиві арқылы жол ақысын төлеу;
3. Көлік картасын жекелендіру (байланыстыру) ;
4. Банк картасын байланыстыру;
5. Электрондық әмиян теңгерімінен немесе банк картасының теңгерімінен QR-кодты сканерлеу арқылы жол ақысын төлеу;
6. QR коды, автобустың гараж нөмірі немесе Bluetooth арқылы «Виртуалды жеңілдік тарифі»/ «Виртуалды мектеп тарифі» валидациясы.

**Жүйе операторының уәкілетті жұмыскері** – Пайдаланушылардың/Жолаушылардың Қоғамдық көлікте жол жүру мен багаж ақысын төлеу фактісіне мониторинг жүргізетін жұмыскер.

**Жүйе операторының уәкілетті жұмыскерінің мониторингі кезінде төлемдерді бұғаттау режимі** – Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу және валидациялау фактісін мониторингтеу алдында Жүйе операторының Уәкілетті жұмыскері арнайы қосымшаның көмегімен автобуста инспекциялау режимін қосады және көлік, банк карталарын валидациялау және QR-код арқылы жол ақысын төлеу мүмкіндігін бұғаттайды.

**Уәкілетті қызметкердің қол терминалы** – Көлік картасының жадында сақталатын ақпаратты оқу, QR-кодты сканерлеу арқылы төлем фактісін растайтын электрондық билеттерді сканерлеу, сондай-ақ банк картасын тексеру арқылы Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу фактісін мониторингтеуге арналған мамандандырылған тасымалданатын жабдық.

**Астана қаласы әкімдігінің қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы (бұдан әрі – 109 iKomek)** – Астана қаласы әкімдігінің iKomek бірыңғай байланыс орталығы.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Жария шарт оның талаптарын Жүйе операторы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өз бетінше белгілейтін шарт болып табылады.

1.2. Пайдаланушының/Жолаушының Қоғамдық көлікте қолма-қол ақшалай қаражатпен, ЖТЭЖ арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен немесе жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық түрде төлеудің қосымша сервистері арқылы жол жүру мен багаж ақысын төлеу жөніндегі әрекеттерді жасауы осы Жария шартты қабылдау болып табылады.

1.3. Көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған кез келген құралдармен және тәсілдермен Пайдаланушының назарына жеткізілуі мүмкін.

## **2. Жария шарттың мәні**

2.1. Жүйе операторы Пайдаланушыларға жол жүру және багаж ақысын ұлттық валютада қолма-қол ақшамен, ЖТЭЖ арқылы қолма-қол ақшасыз түрде не жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық түрде төлеудің қосымша сервистері арқылы қабылдау бойынша және жеке тұлғаның Жария шарттың барлық талаптарын сөзсіз қабылдауын білдіретін қызметтерді көрсетеді.

## **3. Жол жүру мен багаж ақысын төлеу тәртібі**

3.1. №1 қосымшада көрсетілген тарифтер бойынша жол жүру мен багаж ақысын төлеудің негізгі тәсілдері:

3.1.1. Қоғамдық көлікте Валидатор арқылы Көлік картасымен\* валидациялау арқылы жүзеге асырылатын жол жүру ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз тәсілі.

3.2. №1 қосымшада көрсетілген тарифтер бойынша жол жүру мен багаж ақысын төлеудің қосымша тәсілдері:

3.2.1. Валидатор арқылы Банк картасымен\*\* валидациялау;

3.2.2. Visa және Mastercard банктік төлем карталарын ұстаушыларға арналған NFC жанасусыз технология арқылы банктік картамен жол ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз тәсілі;

3.2.3. Google Pay, Apple Pay және Samsung Pay арқылы смарт-технологияларды пайдаланып, жол ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз тәсілі;

3.2.4. Қоғамдық көлікте\*\*\* орналастырылған QR-кодтарды сканерлеу арқылы мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды пайдалана отырып, оның ішінде «Avtobys» мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылатын жол ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз тәсілі;

3.2.5. Қоғамдық көлікте орналастырылған QR-кодты сканерлей отырып, автобустың гараж нөмірі бойынша немесе Bluetooth арқылы «Avtobys» мобильді қосымшасымен жүзеге асырылатын «Виртуалды жеңілдікті тарифпен» және «Виртуалды мектеп тарифімен» валидациялау арқылы жол ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз тәсілі.

\* ЖТЭЖ -де пайдаланылатын көлік карталарын пайдалану ережелері, сондай-ақ жол ақысын төлеудің қосымша тәсілдерін пайдалану шарттары мен ережелері №3 қосымшада көрсетілген, сондай-ақ Жүйе операторының сайтында орналастырылған.

*\*\* Жол жүру ақысын бір реттен артық төлеген кезде Жүйе операторының төлемдерді қайтаруы жүргізілмейді.*

*\*\*\* Мобильді құрылғыларға арналған, төлем қабылдай алатын қосымшалардың тізбесі, сондай-ақ QR-кодты сканерлеу арқылы ақы төлеу нұсқаулығы Жүйе операторының сайтында орналастырылған. Жол ақысын бір реттен артық төлеген кезде Жүйе операторы төлемдерді қайтаруды жүргізбейді.*

## **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **4.1. Жүйе операторының құқықтары:**

#### **4.1.1. Мына жағдайларда Көлік карталарын (атаулы) бұғаттау:**

- үшінші тұлғалар пайдаланған кезде. Сондай-ақ Көлік карталары (атаулы) оларды үшінші тұлғалар пайдаланған жағдайда алып қоюға жатады. Алып қою кейіннен алып қою туралы актіні 2 данада ресімдей отырып жүргізіледі. Алынған Көлік карталары (атаулы) кәдеге жаратылуға жатады, Пайдаланушы/Жолаушы Көлік картасын (атаулы) қайта шығару үшін Орталық кассаға хабарласуы қажет;

- Көлік картасының бүтіндігі физикалық өзгерген кезде (қосымша таңбалар салу, дизайны мен сыртқы түрін өзгерту, тұтастығы мен пішінін өзгерту (бүгілген));

- Көлік картасына өте төмен және/немесе жоғары температура, термиялық және химиялық өңдеу, электромагниттік өрістер мен электр разрядтары әсер еткенде;

- Көлік картасына, экрандаушы радиосигналдарға құрамында металы бар жабындарды салған кезде немесе оларды экрандаушы материалдары бар және оларға қызмет көрсету кезінде карталар мен терминалдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін қаптарға немесе басқа да құрылғыларға салған кезде;

- Көлік картасын олардың көшірмелері мен дубликаттарын жасау кезінде карталардағы ақпаратты рұқсатсыз оқуды, көшіруді және модификациялауды қоса алғанда, оларды мақсатынан тыс пайдаланған кезде

4.1.2. Қоғамдық көлікте Пайдаланушылардың/Жолаушылардың жол жүру мен багаж ақысын төлеу фактісіне мониторингті жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау үшін құқық қорғау және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қоғамдық көлікте жол жүру және/немесе багажды алып жүру ақысын төлемеген Жолаушының (Жолаушылардың) Көлік карталарын (атаулы) беру.

4.1.3. Қоғамдық көлікте жол жүру және/немесе багажды алып жүру ақысын төлемеген Жолаушылар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қолданылады. Бұл ретте Қоғамдық көлікте жол жүруді және/немесе багажды алып жүруді төлемеген Жолаушыға (Жолаушыларға) қатысты тиісті шаралар қабылдау үшін Жүйе операторының Уәкілетті жұмыскерінің талабы бойынша Жолаушы(лар) Қоғамдық көліктен шығуы қажет;

4.1.4. осы Жария шарттың талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу не оның қолданылуын біржақты соттан тыс тәртіппен тоқтату.

4.1.5. Көлік картасының құнына өзгерістер енгізу;

4.1.6. Жүйе операторының қызметіне жатпайтын мәселелер бойынша және/немесе Пайдаланушы/Жолаушы әдеп нормаларын бұзған жағдайда,

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен телефон байланысы арқылы Пайдаланушының/Жолаушының бірнеше рет жүгінуін болдырмау үшін Жүйе операторына келіп түсетін кіріс қоңырауларды жазуды жүзеге асыру.

#### **4.2. Жүйе операторы:**

4.2.1. осы Жария шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға;

4.2.2. өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға міндетті.

#### **4.3. Пайдаланушының/Жолаушының құқықтары:**

4.3.1. Осы Жария шартта белгіленген талаптарға сәйкес Жүйе операторының қызметтерін пайдалану;

4.3.2. Нәтижесінде Шарттың 3-тарауында көрсетілген тәсілдермен жол ақысын төлеудің техникалық мүмкіндігі болмайтын ЖТЭЖ жарамсыз болған жағдайда, Жолаушының тегін жол жүруге құқығы бар;

4.3.3. Қоғамдық көлік желіден шығып кеткен жағдайда Пайдаланушыларға / Жолаушыларға берілген біржолғы құжаттар (билеттер), Көлік картасы, Көлік билеті не басқа электрондық құрылғы бойынша жүргізілген валидациялар, сондай-ақ жол жүру және/немесе багаж үшін ақыны қолма-қол ақшасыз электрондық түрде төлеудің қосымша сервистері арқылы төлеу кезінде олар сол бағдардың желіден шыққан көлік құралынан кейінгі көлік құралында да жарамды болады, бұл ретте ақша қаражатын қайтару жүзеге асырылмайды.

4.4.4. «Виртуалды жеңілдікті тариф» немесе «Виртуалды мектеп тарифі» тарифі бойынша Көлік картасын виртуалдандыру рәсімін жүзеге асыру.

#### **4.4. Пайдаланушының/Жолаушының міндеттері:**

4.4.1. №2 қосымшада және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген Астана қаласының қоғамдық көлігіндегі жолаушылардың мінез-құлық қағидаларын сақтау.

4.4.2. Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу үшін Көлік картасын немесе қосымша қолма қол ақшасыз электрондық сервистерді пайдалану;

4.4.3. Қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру үшін атаулы (жеңілдікті/мектеп) көлік картасын пайдалану;

4.4.4. Атаулы көлік картасы болмаған жағдайда, сондай-ақ атаулы (жеңілдікті) көлік картасында қолданыстағы жеңілдік болмаған жағдайда, азаматтардың жеңілдік санаты базасында жеңілдік алу деректерінің болмауына байланысты, оның ішінде дәрігерлік-консультациялық комиссияның уақтылы өтпеуі себепті жалпы негіздерде жол жүру ақысын төлеу;

4.4.5. Жүйе операторының сайтында орналастырылған нұсқаулыққа сәйкес Жедел толықтыру сервисін\* пайдалана отырып, тарифті сатып алу және Көлік картасының теңгерімін толықтыру кезінде төлемді өз бетінше белсендіруді және Көлік картасына ақшалай бірліктерді/жол жүру тарифтерін есепке алуды жүзеге асыру;

*\* Жедел толықтыру сервисін пайдалану кезінде Пайдаланушы қызмет көрсетушінің жария офертасымен келісе отырып, төлемді белсендіру қажеттігі туралы хабардар етілді.*

Таңдалған тарифті сатып алғанда және көлік картасының теңгерімін Жедел толықтыру сервисі арқылы толтырған кезде Пайдаланушы таңдалған және төленген тарифті көлік картасына есепке алуды және/немесе теңгерімді есепке алуды білдіретін төлемді белсендіруді қажет. Пайдаланушы Жүйе операторының (<https://transcard.kz/ru/instructions/>) нұсқаулығына сәйкес көлік картасын автобустағы Валидатор санағышының жұмыс аймағына басу арқылы тиісті іске қосу туралы хабарлама пайда болғанға дейін 3-5 секунд ішінде төлем жасауға міндетті, бұл ретте төлем іске қосылғаннан кейін валидация (жол ақысын төлеу) жүргізіледі.

Жүйе операторы төлемді жедел толықтыру сервисі арқылы өңдеуге төлем қабылданған күннен бастап 28 күнтізбелік күнге дейін іске қосу мерзімін белгілеген. Егер Пайдаланушы көлік картасын толықтырған сәттен бастап 28 күнтізбелік күн ішінде төлем жасамаған жағдайда, Жүйе төлемді автоматты түрде бұзаттайды және төлемді қалпына келтіру Жүйе операторының Орталық кассасына Пайдаланушының жазбаша өтініш беруі немесе 109 iKotek нөміріне қоңырау шалу арқылы төлемді қалпына келтіруге өтінім беру арқылы жүзеге асырылады.

4.4.6. Қоғамдық көлікке отырғызу кезінде жол жүру мен багаж ақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен дербес төлеуді жүзеге асыру;

4.4.7. Қоғамдық көлікте жол жүру ақысын төлеу үшін Көлік картасының жеткілікті теңгерімін қамтамасыз ету;

4.4.8. Көлік картасын лотереяларды, дауыс беруді, викториналарды ұйымдастыру және өткізу, жарнаманы тарату үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғатын басқа да іс-әрекеттер үшін пайдаланбау;

4.4.9. Жүйе операторының Уәкілетті қызметкерінің және Тасымалдаушының бақылау-желілік қызметінің қызметкерінің талап етуі бойынша Көлік картасы арқылы жүргізілген төлем туралы растауды, жол жүру ақысын төлеу фактісі бойынша мониторинг жүргізу үшін қажетті Банктік карта не қолма-қол ақшасыз электрондық жол жүру ақысының қосымша сервистері арқылы жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемді растайтын электрондық жол жүру құжатын (билетін) көрсету;

4.4.10. Егер Пайдаланушы/Жолаушы жол жүру ақысын осы Жария шарттың 3.1-тармағында көрсетілген тәсілдермен төлей алмаған жағдайда, осы Жария шарттың 3.2-тармағында көрсетілген кез келген басқа тәсілдермен жол жүру ақысын төлеу;

4.4.11. Егер Пайдаланушы/Жолаушы жол жүру ақысын осы Жария шарттың 3.2-тармағында көрсетілген тәсілдермен төлей алмаған жағдайда, осы Жария шарттың 3.1-тармағында көрсетілген кез келген басқа тәсілдермен жол жүру ақысын төлеу.

## **5. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1. Осы Жария шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жария шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

5.2. Жүйе операторы мыналар үшін жауапты емес:

5.2.1. Пайдаланушының/Жолаушының кездейсоқ, жанама залалмен байланысты ықтимал шығындары, соның ішінде шектеусіз, Пайдаланушының/Жолаушының пайдасын жоғалтуымен, іскерлік

белсенділігінің үзілуімен және Қызметтерді пайдалану кезінде туындайтын басқа да материалдық шығындармен (жоғалған пайда) байланысты шығындары;

5.2.2. Тасымалдаушының жұмысты үзуі, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері, сол сияқты Жүйе операторына тәуелді емес себептер бойынша, оның ішінде еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: жарияланған немесе жарияланбаған соғыс, азаматтық соғыс, тәртіпсіздіктерді және революциялар, қарақшылық әрекеттері, диверсия, табиғи апаттар, дауылдар, циклондар, қатты желдер, жер сілкіністері, цунами, су тасқыны, найзағай нәтижесіндегі бұзылыстар, жарылыстар, өрттер, апаттар/байланыс желілеріндегі ақаулар, ғимараттарды, құрылыстарды және кез келген қондырғыларды, желілерді, телекоммуникациялық жабдықтардың бұзылуы, осы Жария шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін заңнамалық актілердің ережелері, мемлекеттік органдардың іс-қимылдары, ҚР Үкіметінің қаулылары, ҚР Президентінің Жарлықтары, Астана қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулылары нәтижесінде орын алған осы Жария шарттың талаптарын өзге де орындамауы немесе тиісінше орындамауы;

5.2.3. маршруттағы Қоғамдық көліктің бұзылуы, оны үшінші тұлғалардың зақымдауы немесе ЖТЭЖ жабдығын тиісінше пайдаланбау салдарынан Қызметтердің ықтимал нашарлауы/көрсетілмеуі;

5.2.4. Кез келген ақпарат түрін тарату және Пайдаланушыға/Жолаушыға үшінші тұлғалардың келтірген зияны;

5.2.5. Пайдаланушыға/Жолаушыға консультациялар (ауызша және/немесе жазбаша) беру салдарынан туындаған Пайдаланушы/Жолаушы үшін ықтимал жағымсыз салдарлар;

5.2.6. Пайдаланушының/Жолаушының жеке сенімдеріне және оның субъективті бағалауларына сәйкес келмеу;

5.2.7. Жолаушылар мен багажды тасымалдау кезіндегі Тасымалдаушы қызметкерлерінің әрекеттері.

5.3. Пайдаланушы/Жолаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамдық көлікте жол жүру ақысын төлемегені және/немесе уақтылы төлемегені үшін толық жауапты болады.

5.4. Жолаушыны Қоғамдық көлікте тасымалдау үшін Тасымалдаушы жауапты болады.

## **6. Жария шарттың қолданылу мерзімі, оны бұзу және өзгерту тәртібі**

6.1. Осы Жария шарт оны БАҚ-та алғаш жариялаған немесе Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырған күннен бастап күшіне енеді және ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе осы Жария шарттың талаптарына сәйкес тоқтатылғанға дейін қолданылады.

6.2. Осы Жария шарт жарияланған немесе орналастырылған күннен бастап Пайдаланушыға осы Жария шартта көзделген талаптар қолданылады. Қоғамдық көлікті Пайдаланушылардың пайдалануы осы Жария шарттың талаптарын сөзсіз қабылдауды және оның осы Жария шартқа жалпы қосылуын білдіреді.



6.3. Осы Жария шарт осы Жария шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылуы мүмкін.

6.4. Жүйе операторы Жүйе операторының ресми сайттарында орналастыру немесе БАҚ-та осы Жария шарттың өзгертілген редакциясын жариялау жолымен осы Жария шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар оларды Жүйе операторының ресми сайттарына орналастырған немесе оларды БАҚ-та жариялаған сәттен бастап қолданылады.

## **7. Өзге талаптар**

7.1. Дербестендірілген Көлік картасын (жеңілдікті және мектеп картасын) сатып алу, сондай-ақ Жүйе операторының Жеке кабинетінде тіркелу кезінде Пайдаланушы Жүйе операторына және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына заңды түрде жинау және пайдалану қажет болатын Пайдаланушы туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге өзінің келісімін білдіреді.

7.2. Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Оларды реттеу мүмкін болмаған кезде даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Жүйе операторының орналасқан жері бойынша сот тәртібімен реттеледі.

7.3. Осы Жария шартта көрсетілмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар осы Шартқа №2 қосымшада көрсетілген Астана қаласының қоғамдық көлігіндегі жолаушылардың мінез-құлық қағидаларын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

7.4. Осы Жария шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Сәйкессіздік жағдайында орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие.

7.5. Егер осы Жария шарттың кез келген талабы осы шақта немесе болашақта толық немесе бір бөлігінде заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын болып табылса, онда бұл талап осы Жария шарттың кез келген басқа талаптарының заңдылығына, жарамдылығына және қолданылуына толық немесе бір бөлігінде әсер етпейді.

## **8. Жүйе операторының деректемелері:**

**«City Transportation Systems» ЖШС**

Заңды мекенжайы:

Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9

БСН 110540005586

«Қазақстан Халық банкі» АҚ

ЖСК KZ976018821000570211

БСК HSBKKZKX

Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол жүру мен багаж ақысын төлеу бойынша қызметтер көрсетудің жария шартына №1 қосымша

**Астана қаласының қалалық және қала маңы қоғамдық көлігінде қолданылатын  
ТАРИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ**

**Астана қаласының қалалық қатынасында жол жүру құны**

**теңге**

<b>Маршрут</b>	<b>қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде</b>	<b>қолма-қол ақшамен төлеу кезінде</b>
<b>Қала</b>	110	220

**Астана қаласының қалалық қатынасында 7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін жол жүру құны**

**теңге**

<b>Маршрут</b>	<b>қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *</b>	<b>қолма-қол ақшамен төлеу кезінде</b>
<b>Қала</b>	0	110

\* Астана қаласының және елорда Тасымалдаушылары қызмет көрсететін қала маңындағы аймақтардың оқу орындарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларына тегін жол жүру мектеп көлік картасы болған және валидацияланған жағдайда ғана беріледі.

**Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында «Айлық жол жүру»\* тарифі бойынша  
жол ақысын төлеу\***

**теңге**

<b>Маршрут</b>	<b>«Айлық жол жүру» тарифінің құны</b>	<b>«Айлық жол жүру» тарифінің қолданылу мерзімі*</b>

<b>Қала</b>	7 500	Күнтізбелік ай**
<b>Қала</b>	20 000	Күнтізбелік 3 (үш) ай
<b>Қала + Қала маңы</b>	9 500	Күнтізбелік ай
<b>Қала + Экспресс</b>	10 000	Күнтізбелік ай
<b>Қала + Экспресс + Қала маңы</b>	13 500	Күнтізбелік ай

\* «Айлық жол жүру» тарифін әр айдың 16-сынан бастап келесі айдың 15-сіне дейін сатып алуға болады.

\*\* «Айлық жол жүру» тарифі 1-ші күні автоматты түрде іске қосылады және күнтізбелік айдың 1-ші күнінен 30/31-не дейін жарамды болады.

✂ Білген маңызды: Егер Пайдаланушы «Айлық жол жүру» тарифін ағымдағы айдың 1-інен 15-не дейінгі кезеңде сатып алса, онда ол тарифті сатып алған күннен бастап/тарифті іске қосқан күннен бастап ағымдағы айдың соңына дейін жарамды болады.

**Астана қаласының қалалық қатынасында «Тәуліктік жол жүру» тарифі бойынша жол ақысын төлеу теңге**

<b>Маршрут</b>	<b>«Айлық жол жүру» тарифінің құны</b>	<b>«Айлық жол жүру» тарифінің қолданылу мерзімі*</b>
<b>Қала</b>	500	Күнтізбелік тәулік (24 сағат)
<b>Қала</b>	1 500	Күнтізбелік үш күн (72 сағат)
<b>Қала</b>	2 000	Күнтізбелік бес күн (120 сағат)
<b>Қала</b>	4 000	Күнтізбелік он бес күн (360 сағат)

\*Тарифтер алғашқы валидацияланған сәттен бастап қолданылады.

**Астана қаласының қалалық қатынасында  
сапарлар саны шектеулі тариф бойынша жол ақысын төлеу**

теңге

Маршрут	Сапарлар саны шектеулі тариф құны	Тарифтің сипаттамасы	Ескертпе
Қала	2 000	15 сапар + 15 рет ауысып отыру	Ауысып отыру бірінші валидация сәтінен бастап 60 минут ішінде беріледі
Қала	4 000	30 сапар + 30 рет ауысып отыру	Ауысып отыру бірінші валидация сәтінен бастап 60 минут ішінде беріледі

**Астана қаласының қала маңы қатынасында көлік аймақтарын ескергендегі жол ақысының құны\***

теңге

	Келу							
	1-аймақ + Астана қаласы		2-аймақ		3-аймақ		4-аймақ	
Жөнелту	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
<b>1-аймақ</b>	110	220	200	300	300	500	400	700
<b>2-аймақ</b>	200	300	110	220	200	300	300	500
<b>3-аймақ</b>	300	500	200	300	110	220	200	300
<b>4-аймақ</b>	400	700	300	500	200	300	110	220

\* Тасымалдаушылардың шешімімен айқындалған қала маңы маршруттарының аймақтары

**Астана қаласының қала маңы қатынасында 7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін тұрақты автомобиль тасымалдарында жолаушыларды тасымалдау құны**

теңге

	Келу							
	1-аймақ + Астана қаласы		2-аймақ		3-аймақ		4-аймақ	
Жөнелту	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
<b>1-аймақ</b>	0	110	0	150	0	250	0	350
<b>2-аймақ</b>	0	150	0	110	0	150	0	250
<b>3-аймақ</b>	0	250	0	150	0	110	0	150
<b>4-аймақ</b>	0	350	0	250	0	150	0	110

\*Астана қаласының және елорда Тасымалдаушылары қызмет көрсететін қала маңындағы аймақтардың оқу орындарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларына тегін жол жүру мектеп көлік картасы болған және валидацияланған жағдайда ғана беріледі.

**Астана қаласының қала маңы қатынасында көлік аймақтарын ескергенде багаж алып жүру құны**

теңге

	1-аймақ + Астана қаласы		2-аймақ		3-аймақ		4-аймақ	
	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде

<b>1-аймақ</b>	110	110	200	200	300	300	400	400
<b>2-аймақ</b>	200	200	110	110	200	200	300	300
<b>3-аймақ</b>	300	300	200	200	110	110	200	200
<b>4-аймақ</b>	400	400	300	300	200	200	110	110

**Астана қаласының қалалық қатынасында багаж алып жүру құны**

**теңге**

<b>Маршрут</b>	<b>қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *</b>
<b>Қала</b>	110

### **Қоғамдық көлікте жолаушылардың мінез-құлық ережелері**

1. Жолаушыларды отырғызу және түсіру автобус қозғалысының бағдар кестесінде көзделген ұйымдастырылған аялдама пункттерінде ғана және бағдар көлік құралы жол жиегіне немесе жүріс бөлігінің шетіне параллель толық тоқтаған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Аялдамада бағдар көлік құралын күтіп тұрған тұрып, жаяу жолдың шетінен немесе жолдың шетінен алыстау тұрып, жиектасқа баспау керек. Өзін мәдениетті ұстап, адамдарды итермеу немесе жүгірмеу қажет.

3. Кезектен тыс отырғызу құқығын мүгедектер, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады.

4. Екі және одан да көп есіктері бар бағдар көлік құралдарында жолаушыларды түсіру – алдыңғы есіктен басқа барлық есіктер арқылы, ал отырғызу алдыңғы есік арқылы жүргізіледі.

5. Отырғызу алдында жолаушы бағдар көлік құралының алдыңғы есігіне өтуге, жол ақысын төлеуге дайындалуға және кірген кезде жол ақысын ыңғайлы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеуге міндетті. Көлік құралына сабырмен, асықпай және әбігерсіз, басқа жолаушыларды итермей отыру қажет.

6. Жолаушы бақылау жүргізуге уәкілетті адамдардың бірінші талабы бойынша көлік картасын немесе сатып алынған жол жүру билеттерінің өзге де нұсқаларын көрсетуге міндетті.

7. Көлік құралына кірген кезде, есік алдында тұрмау, салонға өтіп, бос отыратын орын немесе жинақталу алаңында орын алу. Сапар кезінде тұтқаны ұстап тұру және ықтимал шұғыл тежеу кезінде жеке қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету.

8. Көлікке кірген кезде рюкзактар мен көлемді сөмкелерді иығыңыздан алып тастаңыз және басқа жолаушылардың ыңғайлы жүруін және сақталуын қамтамасыз ету үшін оларды алдыңызға қойыңыз.

9. Автобус салонында қосымша ақысыз көлемі 60x40x20 см-ге дейін және салмағы 20 кг-нан аспайтын қол жүгінің бір орнын, сондай-ақ бір жұп шаңғыны тысымен, балалар арбасын немесе шананы тасымалдауға рұқсат етіледі. Белгіленген нормадан жоғары қол жүгі багаж құны бойынша төленеді. Қағаз түрінде де, электрондық нысанда да ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттерінің күші белгіленген нормадан тыс багажды және қол жүгін тасымалдауға қатысты қолданылмайды.

10. Қол жүгін орау және тасымалдау басқа жолаушыларға қандай да бір зиян (ластану немесе зақым келтіру) және автобус салонын жарактандыру мүмкіндігіне жол бермеуі тиіс.

11. Музыкалық аспаптарды арнайы қапта тасымалдау, музыкалық аспап багаж болып саналады және аспаптың өлшемдері қол жүгінің белгіленген өлшемдерінен асып кеткен жағдайда төленеді.

12. Бағдар көлік құралдарында жабық торларға немесе түбі жабық сөмкелерге салынған ұсақ жануарлар мен құстарды тегін тасымалдауға рұқсат етіледі. Иттер автобустарда жинақталу алаңдарында, тұмылдырықпен және қысқа қарғы баумен тасымалданады.

13. Қажет болған жағдайда мүгедек жолаушыларға, қарттарға немесе балалар арбалары бар әйелдерге отырғызу және түсіру кезінде көмек көрсету, сондай-ақ зейнеткерлік жастағы жолаушыларға, жүкті әйелдерге, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушыларға орын беру. Ерекше қажеттіліктері бар және аутизм диагнозы қойылған жолаушыларды отырғызу кезінде құрмет пен шыдамдылық таныту, сыпайы болу.

14. Велосипедпен жолаушылардың автобусқа кіруіне велосипедті автобус салонының жинақталу алаңына орналастыру мүмкіндігі болған кезде, жиналған күйінде жол беріледі, автобус салоны мен жолаушылардың зақымдануына немесе ластануына жол бермеу үшін доңғалақтары кірден тазартылған және тыспен жабылған болуы тиіс. Жолаушылардың велосипедпен автобусқа кіруі жолаушыларды түсіру аяқталғаннан кейін екінші есік арқылы жүзеге асырылады. Велосипедті тасымалдау багаж құны бойынша төленеді.

15. Шығуға алдын-ала дайындалу керек және мүмкіндігінше есіктерге жақындау қажет. Көліктен шыққан кезде адамдарды итеріп, әбігерленбей, жолаушылардың негізгі ағымын өткізу қажет. Автобустан ол толық тоқтап, есіктер ашылғаннан кейін ғана шығуға рұқсат етіледі.

16. Автобус жүргізушісіне ұмытылған нәрселер туралы оларды алмай, сондай-ақ салондағы жану, түтін және бөгде иістер туралы хабарлау.

17. Автобус жабдықтарын ұқыпты ұстау (қаптаманы бүлдірмеу, жазулар жасамау және т.б.). Жолаушы көлік құралына келтірілген залал үшін материалдық жауапкершілікке тартылады және оны тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

18. Қоғамдық көліктен шыққаннан кейін есіктерге қарама-қарсы тоқтамау, басқа жолаушылардың шығуына кедергі келтірмеу үшін шетке қарай тұру.

19. Автобус техникалық себептермен бағдар бойынша қозғалысын жалғастырмайтын мән-жайлар туындаған жағдайда, электрондық жол жүру құжаты арқылы жол ақысын төлеу кезінде жол жүрудің расталған біржолғы жеке тіркелуі осы бағдардың басқа автобусында жол жүру үшін жарамды болып табылады.

### **Егер Сізбен бірге балаңыз немесе бірнеше балаңыз болса:**

1. Қадамды жылдамдатпаңыз және балаңызбен бірге аялдамада қажетті бағдар көлік құралына қарай жүгірмеңіз.

2. Бағдар көлік аялдамаларында автобусты күтіп тұрған кезде баланың қолынан ұстаңыз. Бала жолға жүгіріп шығып кететін жағдайлар сирек емес.

3. Тек жаяу жүргіншілер өткелдерінде ғана жүріс бөлігін кесіп өтіңіз. Егер жақын жерде жаяу жүргіншілер өткелі болмаса, көліктің алысқа кетуін күтіңіз және жолдан екі жақ жақсы көрінетін жерден өтіңіз.

4. Автобустан түскен кезде әрқашан бірінші болып шығыңыз. Өйткені бала құлап кетуі немесе жолдың жүріс бөлігіне жүгіріп шығып кетуі мүмкін.

5. Баласы бар жолаушы көлікке қауіпсіз кіруді және шығуды қамтамасыз етуге, баланың қолын ұстауға, автобус жүріп бара жатқанда баланың тұтқаны 17



мықтап ұстауын қамтамасыз етуге, баланың қолы мен басын көлік құралының ашық терезелеріне шығаруына жол бермеуге міндетті.

6. Баламен балалар арбасында жол жүруді жүзеге асыру кезінде бағдар көлік құралының жүргізушісіне отыру ниетіңіз туралы белгі беру және толық тоқтатқап, жолаушыларды түсіру аяқталғаннан кейін балалар арбасымен автобуска кіру қажет. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көлік құралына балалар арбасымен кірген және одан шыққан кезде оны қолына алу немесе салоннан арқа жағымен шығып, соңынан балалар арбасын абайлап шығару ұсынылады.

7. Автобус салонында баланы қолға алып, пиктограммалармен белгіленген арнайы орынды алу ұсынылады, арба жиналып, құлауға жол бермеу үшін доңғалақтары бұғатталып орнатылуы тиіс. Балалар арбасын басқа жолаушылардың кіруі мен шығуына кедергі келтірмейтіндей етіп орналастыру қажет. Егер бала арбада болса, арбадан алыстамау және дөңгелектерді құлыптай доңғалақтарын бұғаттай отырып, қауіпсіз орналастыру қажет.

### **Мүгедектігі бар адамдарды отырғызу және түсіру тәртібі:**

1. Мүгедектігі бар жолаушы аялдама пунктінде қажетті бағдар көлік құралы келген кезде өзі немесе жақын тұрған адамдар арқылы жүргізушіге автобуска отыру қажеттілігі туралы белгі беруге тиіс.

2. Автобус толық тоқтаған кезде, мүгедектігі бар жолаушы арбада болған жағдайда, отырғызу үшін есікке жақындап, қажет болған жағдайда жүргізушінің немесе басқа жолаушылардың көмегін күту, сондай-ақ көмек көрсетушілерге ыңғайлы отырғызуды қамтамасыз ету үшін физикалық жағдайына байланысты ықтимал ерекшеліктер мен шектеулерді хабарлау. Отырғызу арнайы тартылатын рампа арқылы жүзеге асырылады, ол болған жағдайда.

3. Мүгедектігі бар жолаушылар үшін автобус салонында пиктограммалармен белгіленген арнайы орындар жабдықталған.

4. Мүгедектігі бар жолаушыны арбамен отырғызу кезінде жинақталу алаңындағы арнайы орынды алады. Арба қол тежегішіне бекітіліп, жолаушы қауіпсіздік белдігін тағуы керек. Автобус қозғалысы кезінде қауіпсіздік мақсатында мүгедектігі бар жолаушы тұтқаны ұстап, жүргізушіге түсіру үшін аялдама пунктінің атауын алдын ала хабарлауға тиіс.

5. Шығу кезінде мүгедектігі бар жолаушы белгіленген шақыру түймесі арқылы жүргізушіні шақыруы, жүргізушіні немесе басқа жолаушылардың көмегін күтуі тиіс. Мүгедектігі бар жолаушы арбамен түсу кезінде қауіпсіздік белдігін шешіп, қол тежегішінің құлпын ашуы тиіс және өз бетінше, ал қажет болған жағдайда жүргізушінің немесе басқа жолаушылардың көмегімен арнайы тартылатын рампа арқылы (болған жағдайда) түсуді жүзеге асыруы тиіс.

### **Маршруттық көлік құралында:**

1. автобуска, шағын автобуска толық тоқтағанға дейін немесе қозғалыс кезінде кіруге және шығуға;

2. автобус есіктерінің ашылуына және жабылуына кедергі келтіруге, есіктерге сүйенуге;

3. көлік құралының қозғалысы кезінде жүргізушіні әңгімелермен алаңдатуға;

4. автобус, шағын автобус салонының ішкі жабдықтары мен жарақтандыруларын бұзуға;
5. темекі шегуге, қоқысты қалдыруға, спирттік ішімдіктер ішуге;
6. өрт қаупі бар, жарылғыш, уландырғыш, тез тұтанатын, улы, күйдіргіш және сасық иісті заттарды, қаптамасыз және ілеспе құжаттарсыз атыс қаруын тасымалдауға;
7. жүргізушінің фото немесе бейне түсірілімін жүргізуге және суретті тікелей келісімінсіз пайдалануға;
8. багажды, қол жүгін, өзге де заттар мен киімдерді қараусыз қалдыруға;
9. қарым-қатынаста балағат сөздер айтуға, азаматтарды қорлауға және қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттерге жол беруге;
10. қатты айқайлауға, жолаушыларға қандай да бір қызмет көрсетулері туралы айтуға, музыканы қатты қосуға;
11. Серіктестікпен және көлік кәсіпорнымен келісілмеген хабарландырулар мен өзге де ақпаратты іліп қоюға;
12. лас киімде болуға, салонды және басқа жолаушыларды ластайтын жағымсыз иісті және лас заттарды алып жүруге;
13. жүргізушінің рұқсатынсыз терезелерді ашып, олардан басын шығаруға, оларға қандай да бір заттарды қоюға;
14. аяқты орындыққа, өрт сөндіргішке, тұтқаларға және автобус салонында орналасқан басқа жабдыққа қоюға тыйым салынады.

#### **Жолаушылардың қоғамдық көлікте қызмет көрсету бойынша өтініш жасау тәртібі.**

Жүргізуші немесе қоғамдық көліктің басқа жұмыскері тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда, жолаушы **109 iKomek** орталығына жүгінуге құқылы. Бұл ретте өтінішті тіркеу және қарау үшін мынадай ақпарат қажет:

- 1) бағдар нөмірі;
- 2) мемлекеттік тіркеу және гараж нөмірі;
- 3) оқиғаның күні, уақыты;
- 4) қозғалыс бағыты, аялдама пункті;
- 5) жұмыскерлердің толық аты-жөні;
- 6) өтініштің мәні;
- 7) сондай-ақ өтініш санатына қарай өзге де қосымша ақпарат.

Шағымды объективті қарау үшін өтініш берушіге толық ақпарат беру қажет, әйтпесе өтініш дұрыс емес және негізсіз болып саналады

Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол жүру мен багаж ақысын төлеу бойынша қызметтер көрсетудің жария шартына №3 қосымша

## **Көлік карталарын пайдалану қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Көлік карталарын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйесінде көлік карталарының әртүрлі түрлерін сатып алу және пайдалану тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Қағидалар Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында Қоғамдық көлікте қолданылады.

### **2. Бірнеше рет толтыруға болатын көлік картасы**

3. Бірнеше рет толтыруға болатын көлік карталары мыналарда сатылады:

1) Жүйе операторының Мамандандырылған кассаларында;

2) iStop дүкендер желісінде (аялдама павильондары).

4. Көлік картасының құны ҚҚС есебімен 1000 (мың) теңгені құрайды. Жүйе операторы көлік картасының құнын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

5. Көлік картасының (пластиктің) жарамдылық мерзімі шығарылған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

6. Көлік картасын пайдаланудың кепілдік мерзімі сатып алу күнінен бастап 14 күнді құрайды.

7. Астана қаласының Қоғамдық көлігінде жол жүрудің өзекті құны және қолданыстағы тарифтер Жүйе операторының ресми сайттарында, сондай-ақ Жария шартқа №1 қосымшада берілген.

8. Сапарлардың шектеусіз және шектеулі санымен тарифтерді сатып алу, сондай-ақ бірнеше рет толтыруға болатын көлік картасының теңгерімін толықтыру мыналарда жүзеге асырылады:

1) Орталық және Мамандандырылған кассада;

2) Екінші деңгейдегі банктердің мамандандырылған қосымшалары арқылы\*.

*\* Жүйе операторы төлемді өңдеуге қабылдаған күннен бастап 28 күнтізбелік күнге дейін іске қосу мерзімін белгілеген. Егер Пайдаланушы көлік картасын толтырған сәттен бастап 28 күнтізбелік күн ішінде төлемді белсендірмеген жағдайда, Жүйе төлемді автоматты түрде бұғаттайды және төлемді қалпына келтіру Пайдаланушының Жүйе операторының Орталық кассасына жазбаша өтінішпен жүгінуі немесе 109 iKotek нөміріне қоңырау шалу арқылы төлемді қалпына келтіруге өтінім беру арқылы жүзеге асырылады.*

9. Пайдаланушы тарифтерді сатып алғаннан және/немесе Көлік картасын толтырғаннан және төлемді сәтті іске қосқаннан кейін осы Қағидалардың 5-бөліміне сәйкес Астана қаласының қоғамдық көлігінде Көлік картасымен жол жүру ақысын төлей алады.

10. Көлік картасы жоғалған, ұрланған, істен шыққан жағдайда, Көлік картасы теңгерімінің қалдығын қалпына келтіру осы Қағидалардың 9-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

### 3. Жеңілдікті көлік картасы

11. Астана қаласының және Ақмола облысының жергілікті өкілдік органдары Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол ақысын төлеуден босатылатын азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

12. Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол ақысын төлеуден босату түріндегі әлеуметтік жеңілдігі бар Астана қаласы мен Ақмола облысы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі Жария шартқа №4 қосымшада көрсетілген.

13. Бастапқы шығарылым кезінде жеңілдікті көлік картасының құны ҚҚС есебімен 1200 (мың екі жүз) теңгені құрайды. Жеңілдікті көлік картасын қайта шығару ҚҚС есебімен 1200 (мың екі жүз) теңгені құрайды. Жүйе операторы жеңілдікті көлік картасының және оны қайта шығару құнын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

14. Көлік картасының (пластик) жарамдылық мерзімі өндірілген күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

15. Көлік картасын пайдаланудың кепілдік мерзімі сатып алу күнінен бастап 14 күнді құрайды.

16. Астана қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол ақысын төлеуден босату түріндегі жеңілдіктің қолданылу мерзімі қолданыстағы нормативтік-құқықтық актімен айқындалған.

17. Жеңілдікті көлік картасын сатып алу үшін Пайдаланушы Жүйе операторының Орталық кассасына растайтын құжаттармен жүгінуі не Жүйе операторының ресми сайтында (тек Астана қаласының азаматтары үшін) құжаттардың қажетті сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім беруі қажет.

18. Жеңілдікті көлік картасын сатып алу үшін қажетті құжаттар:

- 1) жеке куәліктің түпнұсқасы немесе төлқұжат\*;
- 2) зейнеткерлік куәлігінің түпнұсқасы\*\*;
- 3) өлшемі 3x4 см немесе 4x6 см басып шығарылған түрлі-түсті фотосурет 1 данада (сканерлегеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады);
- 4) белгіленген үлгідегі өтініш.

\*eGov, Kaspi.kz ресурстарынан цифрлық электрондық құжатты көрсетуге рұқсат етіледі;

\*\*Осы Қағидаларда көрсетілген азаматтардың жеңілдікті санаты, оның ішінде «Қамқоршы», «Заңды өкіл» мәртебесі бар өтініш берушілер үшін әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету қызметін үйлестіру бойынша, жеңілдіктің берілуін растайтын, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есеп айырысу орталығының елтаңбалы мөрімен расталған, зейнеткерлік куәлігінде жәрдемақы мерзімі туралы өзекті жазбаның болуы міндетті.

19. Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын жеңілдікті көлік карталарын пайдаланушылар жеңілдікті көлік картасын міндетті түрде

валидациялау шартымен жол жүру саны шектелместен, қоғамдық көліктің қалалық және қала маңы бағдарларында жол жүру ақысын төлеуден босатылды.

20. Ақмола облысында (Целиноград және Аршалы аудандары, Қосшы қаласы) тіркелген жеңілдікті көлік карталарын пайдаланушылар Астана қаласының қалалық қоғамдық көлік бағдарларын қоспағанда, жол жүру саны шектелместен, қала маңы бағдарларында жол жүру ақысын төлеуден босатылды.

21. Пайдаланушы жеңілдікті жол жүруге арналмаған бағдарларда көлік әмиянымен жол ақысын төлеуді жүзеге асыру үшін осы Қағидалардың 10-13-тармақтарына сәйкес жеңілдікті Көлік картасын ақшалай қаражатпен толтыруға құқылы.

22. Пайдаланушының жеңілдікті көлік картасын үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге құқығы жоқ. Жүйе операторының Уәкілетті жұмыскері жеңілдікті көлік картасын үшінші тұлғалардың пайдаланғанын анықтаған жағдайда, ол алып қою туралы актіні 2 данада ресімдей отырып, алып қоюға жатады.

23. Алынған жеңілдікті көлік картасын қайта шығару, сондай-ақ жоғалған, ұрланған немесе бүлінген жағдайларда қалпына келтіру осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте Жүйе операторы қайта шығару кезінде алынған (жоғалған, ұрланған немесе бүлінген) Көлік картасын автоматты түрде бұғаттайды.

#### **4. Мектеп көлік картасы**

24. Астана қаласы оқу орындарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушылары мектеп көлік картасын міндетті валидациялау кезінде Астана қаласының қалалық және қала маңы қоғамдық көлік маршруттарында тегін жол жүруге құқылы.

25. Бастапқы шығарылым кезінде мектеп көлік картасының құны ҚҚС есебімен 1200 (мың екі жүз) теңгені құрайды. Мектеп көлік картасын қайта шығару ҚҚС есебімен 1200 (мың екі жүз) теңгені құрайды. Жүйе операторы мектеп көлік картасының және оны қайта шығару құнын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

26. Көлік картасының (пластиктің) жарамдылық мерзімі шығарылған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

27. Көлік картасын пайдаланудың кепілдік мерзімі сатып алу күнінен бастап 14 күнді құрайды.

28. Мектеп көлік картасын бастапқы шығару (сатып алу) және қайта шығару үшін қажетті құжаттар:

1) ата-анасының немесе заңды өкілдерінің бірінің жеке куәлігінің түпнұсқасы не паспорты;

2) ЖСН бар туу туралы куәліктің түпнұсқасы\*;

3) Астана қаласының оқу орнынан\*\* анықтаманың түпнұсқасы\*\*;

4) өлшемі 3x4 см немесе 4x6 см басып шығарылған түрлі-түсті фотосурет 1 данада (сканерлегеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады);

5) белгіленген үлгідегі өтініш.

\* *eGov, Kaspi.kz ресурстарынан цифрлық электрондық құжатты көрсетуге рұқсат етіледі;*

*\*\* демалыс кезеңін қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарының оқушылары үшін құжаттың шығыс нөмірімен және үзінді көшірменің өзекті күнімен және қыркүйектен тамызға дейін 1 (бір) оқу кезеңіне қолданылу мерзімімен;*

*\*\* жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледж оқушылары үшін және жоғары оқу орындарының білім алушылары үшін құжаттың шығыс нөмірімен және анықтаманың үзінді көшірмесінің өзекті күнімен және 1 (бір) оқу семестрінің қолданылу мерзімімен;*

*\*\*\* eGov ресурстарынан цифрлық электрондық құжатты көрсетуге рұқсат етіледі.*

29. Мектеп көлік картасын сатып алу үшін кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері Жүйе операторының Орталық кассасына растайтын құжаттармен жүгінуі немесе Жүйе операторының ресми сайтында құжаттардың қажетті сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім беруі қажет. Оқушының болуы міндетті емес.

16 жастан асқан оқушылар жеке куәлігі болған жағдайда мектеп көлік картасын сатып алу үшін Жүйе операторының орталық кассасына өз бетінше жүгіне алады немесе Жүйе операторының ресми сайтында құжаттардың қажетті сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім бере алады.

30. Мектеп көлік картасын сатып алу үшін Астана қаласының қала маңындағы аудандарында оқитын және Жүйе операторы қызмет көрсететін балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері Жүйе операторының Орталық кассасына растайтын құжаттармен жүгінуі қажет. Оқушының болуы міндетті емес.

16 жастан асқан оқушылар жеке куәлігі болған жағдайда мектеп көлік картасын шығару үшін Жүйе операторының Орталық кассасына өз бетінше жүгіне алады немесе Жүйе операторының ресми сайтында құжаттардың қажетті сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім бере алады.

31. Пайдаланушының мектеп Көлік картасын үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге құқығы жоқ. Жүйе операторының уәкілетті жұмыскері мектеп Көлік картасын үшінші тұлғалардың пайдаланғанын анықтаған жағдайда, ол алып қою туралы актіні 2 данада ресімдей отырып, алып қоюға жатады.

32. Алынған мектеп Көлік картасын қайта шығару, сондай-ақ жоғалған, ұрланған немесе бүлінген жағдайларда қалпына келтіру осы Қағидалардың 31-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте Жүйе операторы қайта шығару кезінде алынған (жоғалған, ұрланған немесе бүлінген) Көлік картасын автоматты түрде бұғаттайды.

## **5. Астана қаласының қоғамдық көлігінде жол жүру мен багаж ақысын төлеу кезінде көлік картасын пайдалану тәртібі**

33. Пайдаланушы қоғамдық көлікке кірген (отырған) кезде жол жүру мен багаж ақысын төлеуге міндетті. Пайдаланушы Көлік картасымен жол жүру ақысын автобусқа кірген (отырған) кезде көлік картасын Валидатор санағышының жұмыс аймағына дұрыс басу (валидация) жолымен төлейді.

34. Астана қаласының қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлік маршруттарындағы жол ақысын төлеу сәтті немесе сәтсіз валидация туралы хабарлама пайда болғанға дейін Валидатор санағышының жұмыс аймағына Көлік картасын дұрыс басу жолымен жүргізіледі.

35. Қоғамдық көлікте жол жүру ақысын төлеу үшін Пайдаланушыға мына нұсқалар ұсынылады: көлік немесе банк картасы, әмиян теңгерімінен «Avtobys» мобильді қосымшасы арқылы. Жол жүру ақысын төлеу жөніндегі нұсқаулық Жүйе операторының ресми сайтында орналастырылған.

36. Көлік картасы арқылы Қоғамдық көлікте жол жүру ақысын сәтті төлегенін растау Валидаторда жасыл түсті индикатордың жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйесін көрсету болып табылады. Электрондық жол жүру ақысын төлеу жүйесінің Валидаторында қызыл түсті индикаторды көрсету жол ақысын төлеу бойынша операциялар жүргізілмегенін білдіреді.

37. Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің Валидаторларындағы ақпарат орыс және ағылшын тілдерін таңдау мүмкіндігімен қазақ тілінде көрсетіледі.

38. Пайдаланушы «ауысып отырумен 15 сапар» және «ауысып отырумен 30 сапар» тарифі бойынша жол жүру ақысын төлеуді жүзеге асырған кезде бірінші валидациялау сәтінен бастап 60 (алпыс) минут ішінде 1 (бір) рет ауысып отыру мүмкіндігі беріледі. Ауысып отыру қосылған тарифтер тек қалалық маршруттарда ғана қолданылады. Тарифтің қолданылуы пайдалану уақытымен шектелмейді.

39. Жүйе операторы Пайдаланушы қоғамдық көлікте жол жүруді жүзеге асырған кезде, соңғы аялдамада қоғамдық көліктің жүру бағдарының бағыты өзгеретінін хабарлайды. Егер Пайдаланушы соңғы аялдамаға дейін ауысып отыру құқығын беретін қолданыстағы тарифпен жол жүру валидациясын жүргізген жағдайда, жүру бағдарының бағыты өзгергеннен кейін көлік картасын Валидаторға қайта басқан кезде «Ауысып отыру» операциясы жүргізіледі. Егер Пайдаланушы соңғы аялдамаға дейін тегін ауысып отыру құқығын бермейтін қолданыстағы тарифпен жол жүру валидациясын жүргізген жағдайда, жүру бағдарының бағыты өзгергеннен кейін Көлік картасын Валидатордың жұмыс аймағына қайта басқан кезде «Валидация» операциясы орындалады, бұл маршрут бағытының өзгеруіне байланысты жол жүру ақысын төлеуді білдіреді.

40. Пайдаланушы көлік картасында көлік әмиянының қолданыстағы теңгерімі, сондай-ақ «Айлық жол жүру ақысы» тарифі және «Тәуліктік жол жүру ақысы» тарифінің болуымен Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеуді жүзеге асырған кезде, жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі тарифтерді есептен шығарудың төмендегідей кезектілігін жүргізеді:

- 1) «Айлық жол жүру»;
- 2) «Тәуліктік тариф»;
- 3) «Ауысып отырумен 30 сапар»;
- 4) «Ауысып отырумен 15 сапар» тарифтері;
- 5) Көлік картасының теңгерімі.

## **6. Көлік картасының теңгерімін және жүктелген тарифтерін тексеру тәртібі**

41. Пайдаланушы жүктелген тарифтерді және көлік картасының теңгерімінің қалдығын Валидаторда, сондай-ақ Жүйе операторының Мамандандырылған кассаларында тексеруге мүмкіндігі бар.

42. Жүктелген тариф және көлік картасы теңгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпарат Көлік картасын валидациялаудың әрбір операциясы кезінде Валидаторда көрсетілетін болады.

43. Мамандандырылған кассаларда және Орталық кассада жүктелген тариф және көлік картасы теңгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпаратты тексеру үшін Пайдаланушының Көлік картасының болуы және көлік картасының деректерін оқу және қажетті ақпаратты беру үшін кассир-операторға беруі қажет.

## **7. Көлік картасын қайтару және айырбастау, көлік картасын бұғаттау тәртібі**

44. Жүйе операторы көлік картасының құнын қайтаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пайдаланушы оның шығарылған күнінен бастап күнтізбелік 14 күннен кешіктірмей, Орталық кассаға жүгінген кезде, Пайдаланушы көлік картасының тұтастығын сақтаған жағдайда (көрінетін ақаулар, қосымша таңбалар, өзгертілген дизайн және сыртқы түрі, бүтіндігі мен формасының өзгеруі және т.б.) жүзеге асырады.

45. Жүйе операторы көлік картасының құнын қайтаруды Пайдаланушы белгіленген үлгідегі өтініш берген, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және көлік картасын (фискалдық чек) сатып алғанын растайтын құжатты ұсынған соң жүзеге асырады.

46. Көлік картасын бұғаттауды Жүйе операторы Пайдаланушы белгіленген үлгідегі өтініш берген, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және ақша қаражатының енгізілгенін/аударылғанын (төленгенін) растайтын құжатты ұсынған соң жазбаша өтініш жасаған кезде жүзеге асырады.

### **47. Көлік картасының тарифін қалпына келтіру тәртібі**

1) Көлік картасы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген кезде осы Шарттың №1 қосымшасында көрсетілген «Айлық жол жүру» тарифін қалпына келтіруді Жүйе операторы Пайдаланушының Орталық кассаға жүгінуі арқылы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасы Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинетте негізгі ретінде тіркелген және пайдаланушының белгіленген үлгідегі өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және төлемді растайтын құжат (фискалдық чек) болған жағдайда жүзеге асырады.

Жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасының «Тәуліктік жол жүру» тарифі, егер осы тариф бойынша төлем мерзімі өткен жағдайда қалпына келтірілмейді.

47. Жүйе операторы Жария шарттың 1-қосымшасында көрсетілген «Айлық жол жүру» тарифтері, оның ішінде қате сатып алынған «Айлық жол жүру» тарифтері және басқа Көлік карталарына қате төлемдер бойынша көлік Карталарынан ақша қаражатын қайтармайды.

48. Көлік картасы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген кезде «Тәуліктік жол жүру» тарифін қалпына келтіру:

1) Жүйе операторы Пайдаланушының Орталық кассаға жүгінуі арқылы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасы Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинетте негізгі ретінде тіркелген және пайдаланушының белгіленген үлгідегі өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және төлемді растайтын құжат (фискалдық чек) болған жағдайда жүзеге



асырады. Жүйе операторының көлік картасын тексеру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасының «Тәуліктік жол жүру» тарифі, оның ішінде осы тариф бойынша төлем мерзімі өткен жағдайда қалпына келтіруге жатпайды.

49. Жүйе операторы Жария шарттың 1-қосымшасында көрсетілген «Тәуліктік жол жүру» тарифтері, оның ішінде қате сатып алынған «Тәуліктік жол жүру» тарифтері және басқа көлік карталарына қате төлемдер бойынша көлік Карталарынан ақша қаражатын қайтармайды.

50. Көлік картасын жоғалтқан, ұрлаған немесе бүлдірген кезде «Ауысып отырумен 15 сапар» және «Ауысып отырумен 30 сапар» тарифін қалпына келтіруді Жүйе операторы пайдаланушының Орталық кассаға жүгінуі арқылы, жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасы Жүйе операторының ресми сайтындағы Жеке кабинетте негізгі ретінде тіркелген және Пайдаланушы белгіленген үлгідегі өтінішті, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және төлемді растайтын құжатты (фискалдық чек) берген жағдайда жүзеге асырады. Жүйе операторының көлік картасын тексеру мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

51. Жүйе операторы Жария шарттың 1-қосымшасында көрсетілген «Ауысып отырумен 15 сапар» және «Ауысып отырумен 30 сапар» тарифі бойынша Көлік картасынан, оның ішінде қате сатып алынған «Ауысып отырумен 15 сапар» және «Ауысып отырумен 30 сапар» тарифінен ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асырмайды.

52. Жүйе операторы Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет тарауында қосымша ретінде тіркелген көлік картасының теңгерімін және/немесе тарифін қалпына келтіруді жүзеге асырмайды.

53. Осы тарауда көзделген операцияны жүзеге асыру кезінде Пайдаланушы жаңа көлік картасын қосымша сатып алады.

#### **48. Көлік картасының теңгерімін және ақшалай қаражатты қайтару тәртібі**

54. Жүйе операторы:

1) көлік картасының болуын және оның мәртебесін (картаның қара тізімде болуы);

2) көлік картасын Жеке кабинетте тіркеу бойынша;

3) төлемдер және валидациялар тарихын (теңгерімді және/немесе тарифті толтыру);

4) белсендірілген төлемдер тізімінен алынған деректерді;

5) соңғы валидация сәтіндегі көлік картасы және/немесе қолданыстағы тарифтер теңгерімінің өзекті қалдығын міндетті тексеру рәсімімен көлік карталарының төлемдерін қалпына келтіруді жүзеге асырады.

55. Жоғалған, ұрланған немесе бүлінген кезде көлік картасының теңгерімін қалпына келтіруді Жүйе операторы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасын Пайдаланушы Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет тарауында негізгі ретінде тіркеген жағдайда жүзеге асырады, бұл ретте теңгерімі қалпына келтірілетін көлік картасы автоматты түрде бұғатталады.

Теңгерімі қалпына келтірілген, бүлінген көлік картасын Жүйе операторы алып қоюға тиіс.

Егер Пайдаланушының Жеке кабинетке тіркелу мүмкіндігі болмаса, Жүйе операторы өтініш берушіден соңғы үш айда жоғалған көлік картасының нөміріне жасалған төлем транзакциялары туралы банктің көшірме үзіндісін талап етуге құқылы.

56. Көлік картасының теңгерімін қалпына келтіруді\*:

1) Пайдаланушы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасының теңгерімін Жеке кабинетте тіркелген басқа көлік картасына көшіру жолымен Жеке кабинеті арқылы өз бетінше;

2) Жүйе операторы Пайдаланушының Орталық кассаға жүгінуі кезінде бүлінген көлік картасы, пайдаланушының белгіленген үлгідегі өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және төлемді растайтын құжат (фискалдық чек) болған кезде жүзеге асырады. Жүйе операторының көлік картасын тексеру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

*\*Пайдаланушылар Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет тарауында қосымша ретінде тіркеген көлік карталарының теңгерімі қалпына келтірілмейді және көшірілмейді.*

57. Қалпына келтіруге жататын жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасының теңгерімі аталған көлік картасы «CTS» мобильді қосымшасы арқылы дербестендірілген жағдайда, қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінде соңғы валидация сәтінде есептеледі.

58. Мектеп көлік картасын қайта шығару кезінде теңгерімді қалпына келтіруді немесе ақша қаражатын қайтаруды Жүйе операторы Пайдаланушы төмендегі міндетті рәсімді сақтай отырып Орталық кассаға жүгінгеннен кейін жүзеге асырады:

1) мектеп көлік картасының болуы және оның мәртебесін тексеру (картаның қара тізімде болуы);

2) мектеп көлік картасы теңгерімінің қалдығын тексеру.

59. Мектеп көлік картасының теңгерімін қалпына келтіруді немесе қайтаруды Жүйе операторы Пайдаланушы, ата-аналар немесе заңды өкілдер Орталық кассаға жүгінгеннен кейін мынадай растайтын құжаттар болған кезде жүзеге асырады:

1) туу туралы куәліктің түпнұсқасы;

2) ата-анасының немесе заңды өкілдерінің бірінің жеке куәлігінің түпнұсқасы; 3) көлік картасы.

Қалпына келтірілген көлік картасына теңгерімді қалпына келтіруді немесе қайтаруды Жүйе операторы 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

60. Теңгерімді қалпына келтіруді немесе көлік карталарынан ақшалай қаражатты қайтаруды Жүйе операторы 16 жасқа толған өтініш берушілерге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде көрсеткен кезде жүзеге асырады.

61. Жүйе операторы мынадай жағдайларда, егер:

1) пайдаланушы белгіленген үлгідегі өтініште толық ақпарат бермесе;

2) пайдаланушы ақша қаражатының енгізілгенін/аударылғанын (төленгенін) растайтын дәлелдемелер ұсынбаса;

- 3) пайдаланушы көлік картасының теңгерімін қалпына келтіру рәсімі жүзеге асырылатын көлік картасын ұсынбаса;
- 4) пайдаланушы көлік картасын жүйе операторының ресми сайтында жеке кабинет бөлімінде негізгі ретінде тіркемеген болса;
- 5) төлемді іске қосу мерзімі өтсе;
- 6) басқа пайдаланушылардың көлік карталарына ақша қаражатын қате аударса;
- 7) көлік карталары «Астана қалалық білім басқармасы» ММ-мен шарттық міндеттемелер шеңберінде толықтырылса, ақша қаражатын қайтаруды, көлік картасының теңгерімін және тарифін қалпына келтіруді жүзеге асырмайды.

62. Жүйе операторы Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет тарауында қосымша ретінде тіркелген көлік картасының теңгерімін және/немесе тарифін қалпына келтіруді жүзеге асырмайды.

63. Пайдаланушы Жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет бөлімінде «Негізгі карта» мәртебесі бар көлік картасын жойған (алып тастаған) жағдайда, Жүйе операторы ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асырмайды. Мұндай жағдайда Жүйе операторы негізгі мәртебеден шығару кезінде көлік картасында болған ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асырмайды.

#### **49. Қоғамдық көлікте жол жүру мен багаж ақысының төленуін бақылау**

64. Астана қаласының Қоғамдық көлігінде жол жүру және багаж ақысын төлеуді бақылауды жүйе операторының уәкілетті қызметкерлері жүзеге асырады.

65. Жүйе операторының Уәкілетті қызметкері Қоғамдық көлікте жол жүру мен багажға ақы төлеуді бақылауды жүзеге асыру кезінде қол терминалын пайдаланады. Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу және валидация фактісін мониторингтеу алдында Жүйе операторының уәкілетті қызметкері инспекция режимін бастайды, QR-кодтар, Көлік картасы және Банк картасы бойынша төлемдерді бұғаттайды

66. Қоғамдық көлікте жол жүру және/немесе багажды алып жүру ақысын төлемеген адамды анықтаған Жүйе операторының уәкілетті қызметкері тиісті әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау үшін Астана қаласының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін шақыруға құқылы.

Бұл ретте Жүйе операторының қызметкері жолаушының келісімімен оны билетсіз жол жүру фактісін одан әрі қарау үшін Астана қаласының ең жақын полиция бөлімшесіне дейін алып баруы мүмкін.

67. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 622-бабының 2-тармағына сәйкес, қоғамдық көлікте жол ақысын төлеуден жалтару әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы ресімдей отырып, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Астана қаласының қалалық  
және қала маңы қатынастарында  
жол жүру мен багаж ақысын төлеу  
бойынша қызметтер көрсетудің  
жария шартына №4 қосымша

1. Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешімінің (бұдан әрі – Шешім) 1-тарауының 1-тармағына сәйкес, Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық жолаушылар көлігі бағдарларында жол ақысын төлеуден босату түріндегі әлеуметтік көмек (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға көрсетіледі. Шешімнің 2-тарауының 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына беріледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар;

2) жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер, сондай-ақ жасы бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнеткерлік жасқа толған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;

3) көп балалы аналар;

4) көп балалы отбасылар;

5) мүгедектер;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар, оның ішінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) бірі;

7) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына ұсынылады.

2. «Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Целиноград аудандық мәслихатының 2017 жылғы 23 қазандағы №146/20-6 шешіміне сәйкес, Ақмола облысының Целиноград ауданында тұратын азаматтардың жекелеген санаттарына: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар, зейнеткерлер, I, II және III топ мүгедектері, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар, оның ішінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) бірі, көп балалы отбасылар, көп балалы аналар жатады.

3. «Аршалы ауданында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Аршалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 тамыздағы №18/2 шешіміне сәйкес, Ақмола облысының Аршалы ауданында тұратын азаматтардың жекелеген санаттарына: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген адамдар, зейнеткерлік жасқа толған адамдар, I, II және III топ мүгедектері, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар, оның ішінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) бірі, «Күміс алқа» және «Алтын алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар, он сегіз жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар көп балалы отбасылардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) бірі жатады.

Астана қаласының қалалық  
және қала маңы қатынастарында  
жол жүру мен багаж ақысын төлеу  
бойынша қызметтер көрсетудің  
жария шартына №5 қосымша

**Проактивті формат қызмет көрсету үшін 1414 Бірыңғай байланыс  
орталығы арқылы SMS хабарлама**

Құрметті азамат (ша)!

Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік бойынша жол жүру мәслихаттың шешімі бойынша және Астана қаласының оқу орындарының оқушыларына жол жүру автобус тасымалдаушыларының шешімі бойынша беріледі.

«Виртуалды жеңілдігі бар көлік картасын» және/немесе «Виртуалды оқушыларға арналған көлік картасын» тегін іске қосу үшін смартфонға «Avtobys» (Google Play немесе AppStore) қосымшасын орнату қажет. Мәтіні бар СМС-хабарламаға жауап жіберген кезде: 2#1 Сіз дербес деректерді жинауға және өндеуге келісіміңізді және "Avtobys" қосымшасы сіздің смартфонңызға және/немесе оқушының смартфонна орнатылғанын растайсыз. Іске қосылғаннан кейін, «Avtobys» қосымшасында «стандарт» мәртебесі «жеңілдетілген» және/немесе «оқушы» мәртебесіне өзгеруі керек.

Егер сіз келіспесеңіз, мәтіні бар СМС хабарламасына жауап жазыңыз: 2#5 немесе хабарламаны елеменіз. Жауапты 3 күнтізбелік күн ішінде беруіңіз қажет. 109iKomek байланыс орталығына хабарласа аласыз. Қоңырау шалу тегін.

Уважаемый (ая) гражданин (ка)!

Льготный проезд отдельным категориям граждан предоставляется по решению маслихата и учащимся учебных заведений города Астаны по решению автобусных перевозчиков.

Для бесплатной активации «Льготной виртуальной транспортной карты» и/или «Школьной виртуальной транспортной карты» необходимо установить приложение «Avtobys» (Google Play или AppStore) на смартфон. При отправке ответа на СМС сообщение с текстом: 2#1 - Вы подтверждаете свое согласие на сбор и обработку персональных данных и подтверждаете, что приложение «Avtobys» установлено на ваш смартфон и/или смартфон учащегося. После активации, в приложении «Avtobys», статус должен измениться с «Стандарт» на «Льготный» и/или на «Школьный» у учащегося.

Если Вы не согласны, напишите ответ на СМС сообщение с текстом: 2#5 либо проигнорируйте данное сообщение. Ответить необходимо в течение 3 календарных дней.

В случае возникновения вопросов можете обратиться в Call-центр по номеру 109iKomek. Звонок бесплатный.